

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 қаңтар N 75. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 18 мамырдағы N 470 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығы

Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8-тармағына сәйкес, телерадио хабарын тарату секторында мемлекеттік реттеуді жетілдіру және оның тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жыл сайын 30 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Астана, 2002 ж., "___" _____
N _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы "___" _____
N _____ Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды
дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы**

1. ПАСПОРТ

Атауы - Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын
таратуды дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеу үшін - Осы Мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі -
негіздеме Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің
"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму
стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы"
1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 Жарлығын,
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30
желтоқсандағы N 2028-124өк қаулысымен бекітілген
"Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылға
дейінгі Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясын іске
асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының"

6.3.2.1-тармағын орындау үшін әзірленді

Негізгі - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
әзірлеуші қоғамдық келісім министрлігі
Бағдарламаның - Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік
мақсаты билік, жергілікті басқару органдарының, ұйымдары
мен қоғамдық бірлестіктерінің ақпараттық қажеттіліктерін
неғұрлым толық қанағаттандыру
үшін телерадио хабарларын таратудың көп
бағдарламалы желісін құру

Бағдарламаның - телерадио хабарларын тарату секторында
міндеттері мемлекеттік реттеуді жетілдіру және оның
тиімділігін арттыру;

телерадио хабарларын таратудың мемлекеттік бағдарламаларының өндірісіне, оларды қалыптастыруға және таратуға (жеткізу және тарату) бөлінетін бюджеттік қаржыны тиімді п а й д а л а н у ;

телерадио хабарларын таратудың көп бағдарламалы желісін дамыту және қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып мультимедиа қызметтерін ұсыну

Күтілетін нәтиже - қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру және мультимедиа қызметтерін ұсыну үшін телерадио хабарларын таратудың көп бағдарламалы желісін құру; телерадио хабарларын тарату секторында мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру және Қазақстан Республикасының теле және радиохабарларын тарату желісінің жұмыс істеуіне оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету

2. КІРІСПЕ

Әлемдік ақпараттық процестерге белсенді әрі толық ену және бірыңғай ақпараттық кеңістікке кірігу қажеттігі телерадиохабарларын таратудың бүкіл инфрақұрылымының толыққанды қызметіне оңтайлы жағдайлар жасауды, еркін ақпарат алмасуды және ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді талап е т е д і .

Бірыңғай ақпараттық кеңістіктің өзі бірыңғай принциптер мен жалпы ережелер негізінде жұмыс істейтін ұйымдар мен азаматтардың өзара ақпараттық іс-қимылын, сондай-ақ олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін деректер базалары мен банктерінің жиынтығын, оларды енгізу әрі пайдалану технологияларын, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелері мен желілерін білдіреді.

Бірыңғай ақпараттық кеңістікте электронды бұқаралық ақпарат құралдары айрықша орын алады. Қазіргі таңда эфирлік теледидар мен радио ең қол жетерлік әрі жедел бұқаралық ақпарат құралдары, ал көптеген елді мекендерде - ақпараттың бірден бір көзі болып табылады.

Электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының ролі барған сайын артып келе жатқандығын ескере отырып, теледидар және радио бағдарламалар өндірісін, оларды қалыптастыру және таратуды қамтамасыз ететін субъектілер (ұйымдар, кәсіпорындар) бағдарламаларды жан-жақты жетілдіріп, олардың сапасын көтеруге, телерадио хабарларын тарату секторының материалдық-техникалық

б а з а с ы н д а м ы т у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .

Осы Бағдарламада телерадио хабарларын тарату секторын дамытудың негізгі мақсаттары, міндеттері және бағыттары, Қазақстан Республикасында теле және радио хабарларын тарату желісін жаңғырту мен дамыту жөніндегі 2002-2005 жылдар кезеңіне арналған негізгі іс-шаралары анықталып, қаржыландырудың көздері мен тетіктері көрсетілген.

Осы құжат бағдарламалық сипатта, оның ережелері нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату желілерін құру мен дамыту кезінде ескерілуі тиіс.

Негізгі терминдер мен айқындамалар

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) - мерзімді баспа басылымдары, хабар тарату бағдарламалары, деректі кино, аудиобейне жазба және бұқаралық ақпаратты көпшілікке мерзімді немесе үздіксіз таратудың өзге де нысаны. БАҚ редакциясы - материалдарды жинауды, дайындауды және бұқаралық ақпарат құралдарын шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімі болып табылатын жеке тұлға не шығармашылық ұжым.

Радио және теледидар хабарларын тарату желісі - аумақтарда шашыраңқы орналасқан халықтың басым бөлігіне телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын өндіруді, қалыптастыруды және таратуды (жеткізу және трансляциялау) қамтамасыз етуші ұйымдардың техникалық құралдарының ж и ы н т ы ғ ы .

Телерадио бағдарламаларын тарату жүйесі - құрамына теле-радио хабарларын тарату арналары (радиорелелік, кабельдік, спутниктік) және осы бағдарламаларды трансляциялау және/немесе ретрансляциялауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар, соның ішінде радиотеледидар станциялары, радио орталықтары, кабельдік және эфирлік-кабельдік теледидар желілерінің орталық станциялары олардың қарамағына енетін желі субъектілерін қамтитын радио және теледидар хабарларын тарату желісінің бір бөлігі.

Абоненттік құрылғылар жүйесі - радиотеледидар қабылдағыштары паркі және/немесе жер бетінде қабылдаудың жеке спутниктік станциялары.

Тарату бағдарламасы - пайдаланушылар үшін жасалатын түрлі тақырыптық хабарлардың кешені. Теледидар хабарларын тарату мен радио хабарларын тарату бағдарламалары мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді.

Теледидар мен радионың мемлекеттік бағдарламасы - Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алу туралы ", " Бюджеттік жүйе туралы " және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңдарының негізінде республикалық бюджет қаражаты есебінен өндірілетін және т а р а т ы л а т ы н б а ғ д а р л а м а .

Теледидар мен радионың мемлекеттік емес бағдарламасы - өз қаражаты есебінен өндірілетін және таратылатын бағдарлама.

Телерадиокомпания - теледидар және радиохабарларын тарату бағдарламаларын өндіру, қалыптастыру және таратуды жүзеге асыратын радио және теледидар хабарларын тарату желісінің субъектісі.

3. ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ СЕКТОРЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

3.1. Телерадио хабарларын тарату секторын реттеу, құқықтық және нормативтік қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату секторындағы мемлекеттік реттеу мынадай тетіктермен қамтамасыз етіледі:

бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу (Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі);

лицензиялау (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі);

радиожиілік спектрін бөлу (Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы);

тарифтік саясат (Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі);

техникалық құралдарды сертификаттау (Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, сертификаттау органдары).

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметпен байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" , " Байланыс туралы ", " Қазақстан Республикасының Тіл туралы ", " Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы " Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің " Лицензиялау туралы " заң күші бар Жарлығымен, сондай-ақ оларға қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен реттеледі. Қолданылып жүрген заңдар радио және теледидар хабарларын тарату желісінің субъектілері арасындағы өзара қатынастарды толық көрсетпейді, сондықтан құқықтық және нормативтік қамтамасыз етуді жетілдіру қажеттігі пісіп-жетілді.

3.2. Қазақстан Республикасының радио және телехабарларын тарату желісі

Телерадио бағдарламаларын өндіруге арналған техникалық құралдар, телерадиобағдарламаларды тарату жөніндегі техникалық құралдар, сондай-ақ

абоненттік құрылғылар Қазақстан Республикасындағы радио және телехабарларын тарату желісінің негізгі элементтері болып табылады.

Телерадио хабарлары бағдарламаларының мазмұны

Республиканың қоғамдық өмірін табандылықпен демократияландыру ағымдардың нәтижесінде, қазіргі уақытта Қазақстанда көптеген телерадиокомпаниялар теледидар және радиобағдарламаларын өндіру, қалыптастыру және таратуды жүзеге асырады. Сонымен қатар қазіргі заманғы технологиялар халыққа шет елдердің теледидар және радио бағдарламаларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Техникалық, шығармашылық мүмкіндіктері әртүрлі республиканың жетекші телерадиокомпаниялары бағдарламаларының мазмұны аудиторияның ең жоғары сұранысын қанағаттандыратын теле және радиобағдарламалар өндіруде.

Телерадио хабарлардың ақпараттық, мәдени-ағарту және көңіл көтеретін бағдарламаларының мазмұны негізінен уақыт талабына сай:

- қазақстандық қоғамды біріктіру және топтастыру;
- мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

Қазақстан халқының мәдени-тарихи құндылықтарымен таныстыру және Қазақстанның белгілі өнер шеберлерінің, әлемдік ғылым мен мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру:

- халықтың білім деңгейін көтеру;
- салауатты өмір салтының негіздерін оқыту.

Телерадиокомпаниялардың техникалық құралдары өзіне теледидар және радио бағдарламаларын өндіру әрі қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпарат жинау мен өңдеуге арналған аппараттық-студиялық кешендер мен жабдықтарды, сондай-ақ бағдарламаны бастапқы бөлу желісіне жеткізу құралдары: радиорелелік желілер немесе байланыстың талшықты-оптикалық желілерін қамтиды.

Республикалық телерадиокомпаниялардың материалдық-техникалық базасы негізінен әр буындағы жабдықтар мен форматтардан тұрады, мұның өзі телерадиобағдарламаларды дайындау технологиясын күрделендіруге, шығармашылық процестің қиындауы мен сапасын төмендетуге әкеп соғады.

Теле және радиобағдарламаларды тарату жүйесі телерадиобағдарламаларын тұтынушыларға дейін жеткізуді ұйымдастыруға арналған және өзіне телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын трансляциялау желісі мен спутниктік желісін қамтиды.

Телерадио хабарларын жеткізудің спутниктік желісі телерадиокомпаниялардың қалыптастырған теледидар және радио хабарларын тарату бағдарламаларын Алматы қаласында орналасқан Орталық қабылдау-тарату станциясынан "NSS-703" халықаралық спутниктік байланыс

арқылы спутниктік арналары бойынша трансляциялаудың жер бетіндегі желісінің радио мен теледидар таратқыштарына дейін жеткізуді қамтамасыз етеді. Хабарларды тарату DigiCipher II сандық стандартымен жүзеге асырылады. Бұдан басқа, теледидар және радиохабарларын таратудың бағдарламаларын жеткізу қызметін көрсетумен DVB-S сандық стандартындағы спутниктік желінің операторы айналысады. Қазіргі уақытта Қазақстан халқының тек қана шет елдік спутниктік көп бағдарламалы теледидарды тікелей, атап айтқанда, ресейлік НТВ-плюс компаниясының бағдарламалар пакетін қабылдау мүмкіндігі бар.

Телерадио хабарларды тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың желісі. Пайдаланып жүрген желідегі тарату құралдары теледидар және радио хабарларын таратудың мемлекеттік бағдарламаларымен республика халқын мынадай ауқымда қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- бір теледидар бағдарламасымен - 90,4%;
- екі теледидар бағдарламасымен - 84,4%;
- үш теледидар бағдарламасымен - 78,6%;
- төрт теледидар бағдарламасымен - 44,2%;
- бір радио бағдарламасымен - 79,33%.

Микроретрансляторларды қоспағанда, барлық қуатты және қуаты аз теледидар және радио хабарын таратқыштар электр қуатын көп қажет етеді, сенімділігі, автоматтандырылу деңгейі төмен, оларды пайдалану мен жұмыс істеу күйінде ұстап тұру үшін көп еңбек шығынын талап етеді. Телерадио хабарларын таратудың эфирлік желісінің қазіргі көптеген антенна-бағаналық және азаматтық құрылыстарының техникалық тозуы шекті нормадан асып кеткен.

Қазіргі уақытта 370-тен астам лампалық телерадио таратқышты жаңа үлгідегі қазіргі заманғы қатты денелі жабдықтарға алмастыру жүргізілді, 315 қуаты аз ретранслятор автоматты жұмыс режиміне көшірілді.

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарлар бағдарламаларын таратудың эфирлік трансляциялау желісінің техникалық құралдарын оңтайландыру мен жаңарту жөніндегі жүргізілген жұмысының қажетті қаржылай қаражаттың жоқтығынан тиімділігі төмен болды. Жүргізіліп жатқан жұмыстардан нақты нәтиже алу үшін қосымша қаржы тарту, радио және теледидар хабарын тарату желісіне жаңа технологиялар енгізу әрі көп бағдарламалы ақылы теледидарды дамыту қажет.

Кабельдік және эфирлік-кабельдік теледидар желісі. Қазақстан аумағында көп бағдарламалы теледидардың аналогтық қызметін көрсетуді ұсынатын кабельдік және эфирлік-кабельдік теледидар желісінің операторлары жұмыс істейді. Олардың қызметі, әдетте жергілікті сипатта. Бүгінгі таңда кабельдік және эфирлі-кабельдік теледидардың инфрақұрылымы Алматы, Астана, Қарағанды,

Өскемен, Павлодар, Ақтау, Семей сияқты ірі қалаларда ғана дамыған.

Радио хабарларын таратудың эфирлік желісі. Қазақстанның ірі қалаларында эфирлік радиобағдарламаларды тарату желісінің FM өрісінде дамуы жеткілікті түрде жылдам қарқынмен жүрде.

Сымдық тарату желісі. Сымдық тарату желісінің соңғы 10 жылдағы қызметіне жасалған талдау республикада сымдық таратудың қызметін пайдаланушылар санының күрт қысқару үрдісінің сақталып отырғандығын көрсетеді.

3.3. Радио және теле хабарларын тарату желісі субъектілері қызметін қаржылық қамтамасыз ету

Теледидар мен радиобағдарламаларын таратудың бағдарламаларын өндіруді, қалыптастыруды және таратуды жүзеге асыратын телерадиокомпанияларды (республикалық және аймақтық) қаржыландыру телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу; коммерциялық қызметтен табыс алу (жарнамалық және басқа да қызметтер ұсыну); отандық және шетелдік инвестициялар; демеушілік көмек жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік теледидар және радио бағдарламаларды таратудың 1997-2001 жылдардағы көлемінің өзгеру серпіні N 1 кестеде келтірілген.

Телерадио хабарларын тарату бағдарламаларының эфирлік желісі субъектілері қызметін қаржыландыру телерадионың мемлекеттік бағдарламаларын трансляциялауға алынатын қаражаттың; коммерциялық қызметтен алынатын кірістің (тарату құрылғыларын жалға беру және басқа қызметтер), отандық инвестициялар, несиелер есебінен жүзеге асырылады.

Кабельдік және эфирлік-кабельдік теледидардың желісін дамыту отандық және шетелдік капитал мен халықтан абоненттік төлем нысанында алынатын кірістер есебінен жүргізіледі.

Қазақстандағы сымдық тарату желісінің жұмыс істеуі желілер субъектілерінің халықтан алынатын абоненттік төлем есебінен, сондай-ақ қосымша қызметтер көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Теледидар мен радио хабарларын таратудың мемлекеттік бағдарламасын өндіруге, қалыптастыруға және таратуға республикалық бюджеттен бөлінетін ақша ағындарының бөлінуіне жасалған талдау оның едәуір бөлігінің телерадио хабарларын таратудың эфирлік субъектілерін ұстауға шығындалатынын көрсетті. Бұл нақты әрі моральдық ескірген жабдықтар санының көптігімен, қызметтің басқа да түрлерін көрсету жөніндегі қолда бар мүмкіндіктерінің жеткілікті түрде тиімді пайдаланылмауынан туындады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ТД және РХ таратудың
бағдарламаларын 1997-2001 жылдары тарату және қаржыландыру
көлемдері

Бағдарламалардың атауы		Хабар таратудың жылдық көлемі, сағатпен				
		1997	1998	1999	2000	2001
ТД	Хабар	5110	5110	4380	4392	4380
ТД	ОРТ+Қазақстан	2738	2738	1825	1830	1825
ТД	Қазақстан-1ТД	3650	3650	2555	1830	2555
ТД	Қазақстан-2ТД	1825	1825	-	-	-
ТД	Өзбек ТД	3650	3103	3103	732	730
ТД	Хабар-2	-	-	-	1464	2555
ТД	Облыстық	4745	4745	4745	4758	4745
РХ	Хабар РХ	-	6570	-	-	-
	Қазақстан-1РХ	6935	6570	4928	5490	5475
	Қазақстан-2РХ	6205	5840	-	-	-
	М а я к	6570	-	-	-	-
	Украина	6570	6570	6570	-	-
Ж ы л д ы қ		б ю д ж е т т і к				
қ а р ж ы л а н д ы р у ,						
мың. теңге		2827000	1440000	1500000	2070081	2323301

1-сурет. Қазақстан Республикасындағы телерадиохабарлары
ұйымдарының қазіргі схемасы
(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

4. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік билік, жергілікті басқару органдарының, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерінің ақпараттық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін телерадио хабарларын таратудың көп бағдарламалы желілерін құру болып т а б ы л а д ы .

Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу к ө з д е л у д е :

телерадио хабарларын тарату секторын жетілдіру мемлекеттік реттеуді жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;

хабар тарату тізбесінің әр түрлі буындарының өзара қатынастарын реттейтін телерадио хабарларын таратуға қажетті нормативтік құқықтық базаны жасау;

теледидар мен радио хабарларын тарату бағдарламаларының сапасы мен тартымдылығын көтеру;

өзіндік білім беру, ғылыми-танымдық, балалар, музыкалық-көңіл көтеру, тарихи-мәдени бағдарламаларын тарату, телесериалдар, анимациялық сериалдар шығаруды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

ТМД мемлекеттеріне және алыс шет елдерге теледидар мен радиохабарларын таратудың арнайы дайындалған бағдарламаларын трансляциялауды ұйымдастыру;

радио және теледидар хабарларын тарату желісін басқару жүйесін оңтайландыру;

әсіресе, қоғамдық келісімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және нығайту, білім мен мәдениетті дамыту, заңдылық пен қоғамдық моральді, салауатты өмір салтын бекіту, отбасын нығайту бөлігінде ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар кезінде және ерекше кезеңде радио және теледидар хабарларын тарату желісінің тұрақты жұмыс істеуі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік емес электронды бұқаралық ақпарат құралдарының хабарын тарату желісін дамытуды ынталандыру;

көп бағдарламалы теледидар жүйесін кеңінен енгізу үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

теледидар мен радио хабарларын тарату желісін дамыту мен жаңарту және жаңа технологияларды енгізу үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

хабарларды таратудың түрлі технологияларын пайдалану мемлекеттік теледидар мен радионың бағдарламаларымен халықты барынша кең қамтуды қамтамасыз ету;

телерадио хабарларын тарату қызметін көрсеткені үшін төлемдер енгізу Қазақстан аумағын толық қамтуды қамтамасыз ету үшін тікелей қабылдайтын спутниктік хабар тарату желісін құру;

теледидар мен радио хабарларын тарату желісінің ұсынатын қызметтерінің санын көбейту.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

5.1. Телерадио хабарларын тарату секторын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында радио мен теледидар хабарларын таратудың тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу үшін реттеу, ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету, олардың тұрақты жұмыс істеуі, желі құралдарын техникалық

пайдалану, сондай-ақ техникалық құралдарды сертификаттау мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттарды тұрақты жетілдіру мен жаңаларын әзірлеу қажет.

Осыған байланысты таяу уақытта мыналар талап етіледі:

а) "Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын тарату туралы" Заң жобасын әзірлеу және Парламентке ұсыну. Заңда:

Заң мақсаттары үшін ұғымдар аппаратын әзірлеу;
телерадио хабарларын тарату саласы субъектілері үшін құқықтар мен міндеттемелер кешенін айқындау;

телерадиокомпаниялардың ерекшелік белгілерін айқындау (әуендік үні, нышаны, логотипі, тарату кестесі және т.б.) телерадиокомпаниялардың шығарылатын телерадио бағдарламаларының ақпараттық мазмұнына жауапкершілігін белгілеу;

шекарааралық хабарларды тарату және шетел бағдарламаларын трансляциялауды құқықтық реттеудің режимдерін қамтамасыз ету;
дыбыстық, жаппай аудиобейнелік жаппай қолданыстағы өнімдер шығаруға қойылатын талаптар;

отандық теледидар және радио өнімдерін өндірушілерді қорғауды қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар немесе сайлау науқаны кезеңінде ресми хабарламаларды және өзге де міндетті ақпараттарды беру мәселелерін көрсету қажет;

б) телерадио хабарларын тарату саласында лицензия беру функцияларын Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне беру, ол үшін қолданыстағы "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметке лицензия берудің, радиожилік спектрін пайдаланудың тәртібі туралы" ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу;

в) уәкілетті мемлекеттік органға Телерадио хабарларын тарату саласындағы кәсіпкерлік қызметке лицензия беру тәртібі туралы ереже және Телерадио хабарларын спутниктік және жер бетінде таратуға құқық алуға байқау өткізу туралы ережені бекіту туралы Үкімет қаулысының жобасын әзірлеу қажет;

радиожилік спектрі номиналдарын есептеу, беру және есепке алу, радиоэлектронды құралдардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету және бақылау, халықаралық үйлестіруді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құзырында қалдырып, телерадио хабарларын тарату секторына радиожиліктің нақты номиналдарын бекіту жөніндегі функцияларды Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне беру туралы мәселені қарау;

телерадио хабарларын тарату секторына бөлінген радиожилік спектрін тиімді басқару мақсатында:

телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың жер бетіндегі желісі үшін жиілік-аумақтық жоспарларын әзірлеу;

телерадио хабарлардың мемлекеттік бағдарламаларын тарату бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын тарату желісін дамытудың бас схемасын әзірлеу;

Қазақстан Республикасындағы радио және теледидар хабарларын тарату желісі үшін нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу;

2.07.01-89 ҚНЖЕ "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендер құрылысын жоспарлау және салу" құрылыс нормалары мен ережелеріне салынған ғимараттары мен шатырларына телерадиоабдылдарын қабылдауға арналған антенна орнату ережелері жөнінде ұсыныстар енгізу;

телерадио хабарларын тарату желісінің көрсетіп отырған қызметінің сапасын техникалық бақылау жасайтын орган құру және радио мен теледидар хабарларын өндіру мен тарату жүйесінің техникалық параметрлерінің мониторингін жүргізу.

5.2. Телерадио бағдарламалары мазмұнының негізгі тақырыптық бағыттары

Телерадио хабарларын тарату секторында республиканың ақпараттық кеңістігін дамыту бағдарламасының негізгі міндеті Қазақстанның ақпараттық кеңістігін:

мемлекеттік саясатты жүргізуді;

мемлекеттік тілді оқытуды;

қазақстан халқының мәдени-тарихи құндылықтарымен және Қазақстанның белгілі өнер шеберлерінің, әлемдік ғылым мен мәдениет жетістіктерімен таныстыруды;

халықтың білім деңгейін көтеруді;

озық технологияларды меңгеруге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеуді; салауатты өмір салты мен нарықтық экономика негіздерін оқытуды; озық технологияларды насихаттауды; табиғи ресурстарға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеуді;

Қазақстанда тұратын барлық ұлттарды этносаралық төзімділікке тәрбиелеуді және құрметтеуді;

ұлтаралық келісімді нығайтуды;

түрлі халықтың әлеуметтік топтарының рухани қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін республикалық телерадио бағдарламалармен толықтыруға қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Мемлекеттік тапсырыс бағдарламаларын өндіруді және қалыптастыруды

жүзеге асыратын телерадиокомпаниялар өздерінің телерадио бағдарламаларында мына негізгі тақырыптық бағыттарды:

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін және басқа да ресми құжаттарды жариялау және көрсету; жоғары мемлекеттік билік және басқару органдарының, министрліктер мен ведомстволардың қызметтерін;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің қызметі, олар жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясат туралы мемлекеттік институттардың талдау материалдарын;

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, оның шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктерінің қызметін;

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын насихаттауды және түсіндіруді;

мәдениет, ғылым, білім және т.б. саласындағы жетістіктерді насихаттау арқылы Қазақстан Республикасының беделін көтеруді; еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жария етуді;

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, басқа да нормативтік құқықтық актілерін насихаттауды және түсіндіруді;

"Қазақстан Республикасының Тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі жұмыстарды;

мемлекеттің ұлттық саясатын іске асыруды; ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттауды; халыққа білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыруды;

салауатты өмір салтын насихаттауды; зейнетақы реформасына ақпараттық-насихаттық қолдауды; жастар істері жөніндегі мемлекеттік саясат мәселелерін жария етуді; азаматтық бірегейліктің қазақстандық патриотизмін қалыптастыру жөніндегі материалдарды;

Қазақстанның ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтауын насихаттауды; құқықтық білімдерді насихаттауды және қоғамның құқықтық мәдениетін көтеруді;

балалар мен жасөспірімдердің мәдени-рухани тәрбиесін; мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қатынасын; қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті; қоғамдық санада нашакорлықтың зияндылығын қалыптастыруды; экономикалық реформаларды іске асыру барысын жария етуді;

шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті ақпараттық-насихаттық қолдауды; еліміздің агро-өнеркәсіптік кешеніндегі реформаларды көрсетуі тиіс.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін:

ақпараттық кеңістікте мемлекет мүддесін сақтау мақсатында 2005 жылға дейін халықты бір теледидар және бір радио ақпараттық бағдарламаларымен 99% қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру;

2005 жылға республикалық теледидар хабарларын таратудың орташа тәуліктік көлемін 20 сағатқа дейін және радиобағдарламаларды 24 сағатқа дейін к ө б е й т у ;

аймақтық телерадио хабарларын тарату желілерін бұдан әрі дамытуды жүзеге а с ы р у ;

мемлекеттік және басқа да тілдердегі аралас хабарларды, сондай-ақ 100% мемлекеттік тілде хабар беретін телерадиобағдарламаларын дамыту;

отандық білім беру ғылыми-танымдық, балалар, музыкалық-көңіл көтеру, тарихи-мәдени бағдарламаларын, патриоттық сезімге тәрбиелейтін теледидар және анимациялық сериалдар жасау және оларды дамыту;

әлемде болып жатқан неғұрлым маңызды оқиғаларды жедел жария ету үшін телерадиокомпаниялардың тілшілер қосыны желісін кеңейту;

тарихи-мәдени құндылығы бар аудио және бейне материалдарды сақтау үшін телерадиокомпанияларды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету. Аудио және бейне өнімдерді мұрағаттауға сандық технологияларды енгізу;

отандық телерадиоарналардың басқа мемлекеттердің ақпараттық кеңістігіне шығуы үшін халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру қажет.

5.3. Қазақстан Республикасында радио және теледидар хабарларын тарату желісін дамыту жөніндегі негізгі бағыттар мен іс-шаралар

Қазақстан Республикасында радио және теледидар хабарларын тарату желісін дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының халқын және көршілес мемлекеттердің шекаралас аумақтарын қамтуды ұлғайту, сондай-ақ теледидар және радио хабарларының таратылатын бағдарламаларының санын ұлғайту және сапасын жақсарту болып табылады.

Радио мен теледидар хабарларын тарату желісін студиядан бастап абоненттік телерадиоқабылдағышқа дейін түгел сандық таратуға көшіру техникалық құралдарды дамытудың негізгі үрдісі болып табылады. Бұл: көп бағдарламалы хабар таратуды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының шекараға жақын және алыс елді мекендері аудандарында мемлекеттік радио және теледидар хабарларының желісін дамыту;

деректерді кең көлемде беру;
мультимедиа қызметтерін ұсынуға мүмкіндік беретін кірігуді енгізу;
Интернетке жоғары жылдамдықпен ену;
І Р - т е л е ф о н д а у ;
оқшауланған есептегіш желілер;
ақпараттық-анықтамалық қызметтер;
сұраныс бойынша бейнежазба;
телерадио хабарларын тарату желілерін бірыңғай ақпараттық жүйеге кіріктіру
;
теледидар және радио хабарларын тарату бағдарламаларының сапасын көтеру
;
теледидар және радиобағдарламаларын тарату бағдарламаларының санын көбейту;
тарату қондырғыларының қуатын азайту;
радиожіілік спектрін тиімді пайдалану проблемаларын кешенді шешуді
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Радио және теледидар хабарларын тарату желісіне сандық технологияларды енгізу бұқаралық ақпараттың техникалық құралдарын дамытуда жаңа кезең болмақ және түгелдей дерлік қабылдағыштар паркін ауыстыруды болжайды. Телерадиобағдарламаларын таратудың осы тектес нұсқасынан сандық таратуға ауысу ұзақтығы Қазақстан Республикасы экономикасының өсу қарқынына байланысты б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы аумағында телерадио хабарларын тарату желісіне сандық технологияларды енгізу тәжірибе аймақтарында жүргізілген сынақтар нәтижелерін жан-жақты зерделеуден және талдаудан кейін жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Теледидар және радио хабарларын таратудың мемлекеттік бағдарламаларын өндірумен, қалыптастырумен айналысатын телерадиокомпаниялардың аппараттық-студиялық кешенін техникалық жетілдіру 2002-2003 жылдар аралығында іске асырылатын болады. Аппараттық-студиялық кешенді жарақтандыру қазіргі технологияларды пайдаланып сандық құрал-жабдықтар негізінде жүргізілуі тиіс. Бұл дайындалатын телерадио бағдарламаларының тарату көлемі мен сапасын ауқымын ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік б е р е д і .

Әлемде болып жатқан неғұрлым маңызды оқиғаларды жедел жария ету үшін 2002-2003 жылдары АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Бельгия, Түркия, Біріккен Араб Әмірияты, Ресей, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан сияқты алыс және жақын шет елдерде тілшілер қосыны желісі кеңейтілетін б о л а д ы .

Теледидар мен радио хабарларын тарату бағдарламаларын жеткізудің

спутниктік желісі. Радио және теледидар хабарларын тарату желісінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 2002-2003 жылдары Астана қаласында қабылдап-жеткізуші спутниктік резервтік станция салынатын болады.

Халықты телерадио бағдарламаларымен қамтуды ұлғайту үшін жерүсті спутниктік станциялардың қабылдау желісін дамыту бұдан әрі жалғасатын болады.

Аймақтық телерадио хабарларды дамыту облыс орталықтарында жер бетіндегі қабылдап-жеткізуші спутниктік станциялар салу және талшықты-оптикалық тізбенің байланыс операторларын пайдалану жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Тікелей қабылдайтын спутниктік хабар жеткізу желісі.

2002 жылы отандық оператор халыққа теледидардың көпбағдарламалы қызметін ұсынатын тікелей қабылдайтын спутниктік таратудың сандық желісі пайдалануға енгізетін болады. Тікелей қабылдайтын спутниктік таратудың сандық желісінің қызметі жер үсті телекоммуникация инфрақұрылымы дамымаған аймақтарда тұратын халықтың, сондай-ақ жақын орналасқан мемлекеттердің шекаралас аумақтарында тұратын қазақ диаспорасының назарын аударады. Құрылатын желі мультимедиа және 24-тен астам көп бағдарламалы теледидар қызметтерін ұсынатын болады.

Телерадио хабарлары бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың желісі.

Телерадио хабарларын сандық таратуға көшіру едәуір қаражатты қажет еткендіктен, ұқсас хабар таратудан бас тартуды саналы талдау қажет. Ескірген телерадиотарату қондырғыларын ұқсас қатты денелі қондырғыларға ауыстыру кезең-кезеңмен 2002-2005 жылдар кезеңінде жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте аздаған жаңғырту кезінде сандық телерадио хабарларын таратуға ауысуға мүмкіндік беретін қондырғыларды пайдалануды көздейді.

Қазақстан Республикасында сандық эфирлік теледидарды енгізу кезең-кезеңмен, қолданылып жүрген осы тектес теледидармен қатар іске асырылатын болады. 2002 жылы Алматы қаласында телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың жер үсті желісіне DVB-T стандартындағы сандық теледидар тәжірибе аймағы құрылатын, ал 2003 жылы коммерциялық пайдалану басталатын болады. Сандық телерадио хабарларды таратудың қабылдағышы ретінде абоненттік қосымшалары (set-top-box) бар ұқсас теледидарлар мен сандық теледидарлар пайдаланылатын болады.

Кабельдік және эфирлі-кабельдік теледидар желілері бірін-бірі толықтыра және қатар жұмыс істей алады. Желілердің комбинациялық дәрежесі оларды нақты қалада орнату кезіндегі экономикалық және техникалық талаптармен айналысатын болады.

Бағдарламалық іс-шараларда кабельдік теледидар желілерінің бұдан әрі дамуы көзделген. Кабельдік теледидардың қайта құрылатын желілері байланыстың талшықты-оптикалық желілерін пайдалана отырып қазіргі заманғы технологиялар негізінде салынуы тиіс. Бұл әдіс бас станциядағы құрал-жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру жолымен ұқсас теледидардан сандыққа біртіндеп ауысуды қамтамасыз етеді. Кабельдік теледидар желілері кемінде 30 теледидар арналарын, стереодыбыстық радиохабарларды тарату бағдарламаларын трансляциялауды, сондай-ақ бірге мультимедиа қызметтерін ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс. Кабельдік теледидар желілерін құру мен дамыту 2002-2004 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Астана, Атырау, Жезқазған, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Рудный, Семей, Тараз, Орал, Шымкент және Екібастұз қалаларында жүзеге асырылатын болады.

Радио хабарларын тарату бағдарламаларын трансляциялаудың эфирлік желісі

Радио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялау желісінде, негізінен, стереодыбыстық режимді FM өрісіндегі радиотарату қондырғылары қолданылатын болады. Орта және қысқа толқынды өрістердегі радиотарату қондырғыларын ауыстыру және орнату іске асырылатын болады. Алматы қаласындағы ҚТ өрістегі қондырғыларды қуатты қондырғыларға ауыстыру Қазақ радиосының бағдарламаларын алыс және жақын шет елдерге таратуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Радио және теледидар хабарларын тарату желісінің қазіргі заманғы техникалық инфрақұрылымын құру желілер субъектілерінің техникалық құралдарын жаңғырту және дамыту жөніндегі ірі ауқымды жобалар негізінде іске асырылатын болады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін жеке:

Тікелей қабылдайтын спутниктік таратудың сандық желісін;

Телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың с а н д ы қ ж е л і с і н ;

Кабельдік теледидар желісін дамыту бағдарламалары әзірленетін болады.

Бағдарламада белгіленген барлық іс-шараларды іске асыру үшін мемлекеттің жан-жақты қолдауы қажет.

5.4. Төтенше жағдайлар кезінде радио және теледидар хабарларын тарату желісіне қойылатын негізгі талаптар

Қазақстан Республикасының халқын ақпараттандыруды сақтау және жетілдіру мақсатында төтенше жағдайлар кезінде және ерекше кезеңде радио және теледидар хабарларын тарату желісінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз е т у қ а ж е т .

Қазақстан Республикасындағы радио және теледидар хабарларын тарату

желісіне төтенше жағдайлар кезінде және ерекше кезеңде қойылатын талаптар:
халықты ақпараттандыруды қамтамасыз ету:

төтенше жағдайлар кезінде белгілерді негізгі және қосалқы нүктелерден радиотеледидарлық тарату станцияларына және желілі тарату тораптарына беруді қамтамасыз ету;

бүлінген электр байланысы арналарын алмастыратын телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын берудің уақытша арналарын және арнайы ұялы репортаждық жер үсті спутниктік станцияларын пайдаланып жедел репортаждар үшін кері арналар ұйымдастыру болып табылады.

Төтенше жағдайлар кезінде радиотеледидар хабарларын тарату желісінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін резервтік арна бойынша барлық қуатты (1 кВт-тан жоғары) радиотеледидар жеткізуші станцияларына (меншік нысанына карамастан барлық телерадио тарату қондырғылары үшін) және сымдық хабар тарату желілеріне ең кемі бір теледидар және радио хабарын тарату бағдарламасын жеткізу мәселесін қарастыру қажет.

Жоғарыда айтылған жайларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі барлық мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп төтенше жағдайлар және ерекше кезең үшін хабар тарату тұжырымдамасын әзірлеуі қажет.

5.5. Мамандармен және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасындағы радио және теледидар хабарларын тарату желісін жаңғырту және дамыту жөніндегі бағдарламалық іс-шараларды табысты жүзеге асыру көбіне жеткілікті біліктілігі мен тәжірибесі бар еңбек ресурстарының болуына байланысты, ол үшін телерадиожурналистер институттары, техникалық оқу және сервис орталықтары құрылатын болады.

Қазақстан Республикасының радио және теледидар хабарларын тарату желісін дамытудың проблемалары жөніндегі бірыңғай мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында оның негізгі міндеттері:

перспективалы теледидар мен радио хабарларын тарату технологияларын қолдану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарды үйлестіру;

телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту жобаларына техникалық сараптама жүргізу;

телерадио хабарларын тарату секторы үшін нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлеу деп анықтай отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жанынан Ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңес құру көзделіп отыр.

6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Теледидар және радио хабарларын таратудың мемлекеттік бағдарламаларын шығаруға, қалыптастыруға және таратуға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы құралдарын тиімді пайдалану, техникалық құралдарды жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу және радио және теледидар хабарларын тарату желісі субъектілерін басқару жүйесін жетілдіру жолымен оларды таратуға жұмсалған шығындарды төмендету есебінен көзделеді.

Техникалық құралдарды жаңғырту және Қазақстан Республикасындағы радио және теледидар хабарларын тарату желісіне жаңа технологияларды енгізу:

теледидар және радиобағдарларды таратудың мемлекеттік емес бағдарламаларын трансляциялау; тікелей қабылдайтын көп бағдарламалы сандық теледидардың спутниктік жүйесі бойынша тарату; кабельдік және эфирлік-кабельдік теледидар; басқа қызмет түрлерін ұсыну (техникалық құралдарды пайдалану; телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну, оның ішінде Интернет; телерадиобағдарларын тарату және телекоммуникациялар объектілерін жобалау, монтаждау және құрастыру жөніндегі қызметтер және т.б.) жөніндегі ұсынылатын қызметтер саласын кеңейтудің нәтижесінде алынатын желі субъектілерінің жеке кірістерін ұлғайтудың есебінен, сондай-ақ белгіленген тәртіппен үкіметтің кепілдігімен мемлекеттік емес ішкі заемдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржылық ұйымдардың гранттарын тарту жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру тиісті жылдарға арналған телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік саясатты жүргізуге республикалық бюджетте көзделген тиісті жылдарға бөлінген қаражат, мемлекеттік және мемлекеттік емес заемдардың радио және теледидар хабарларын тарату желісі субъектілерінің жеке кірістері шегінде, жеке инвестицияларды, гранттарды және халықаралық қаржы ұйымдарының техникалық көмегін, сондай-ақ несиелерді тарту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте есептік қажеттілік 8 800 млн. теңгені құрайды, оның ішінде:

Бағдарламаның іс-шараларын көздері	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Республикалық бюджеттен млн.	300	300	300	300
Жергілікті бюджеттен млн. теңге	250	250	300	300

Өзге де млн. теңге	2000	2000	1500	1000
Барлығы, млн. теңге	2550	2550	2100	1600

Шығыстар тиісті жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады және түзетілуі мүмкін.

7. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Осы бағдарламада белгіленген Қазақстан Республикасының радио және теледидар хабарларын тарату желісін жаңғырту және дамыту жөніндегі барлық іс-шараларды іске асыру:

телерадио хабарларын тарату секторының қажетті құқықтық және нормативтік базасын жасауға;

теледидар және радиобағдарларын тарату бағдарламаларының сапасы мен тартымдылығын көтеруге;

өз өндірісіндегі теледидар және радиобағдарлар тарату бағдарламаларының көлемін ұлғайтуға;

теледидар және радио хабарларын тарату бағдарламаларының ТМД мемлекеттеріне және алыс шет елдерге шығуына қолайлы жағдай жасауға және Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени-экономикалық өмірін осы мемлекеттердің халқына ақиқатты ақпарат жеткізуді қамтамасыз етуге;

оқу және сервистік орталықтар құруға;

мемлекеттік теледидар және радио бағдарламаларымен халықты барынша қамтуды қамтамасыз етуге;

2005 жылдың аяғында ескірген тарату қондырғылардың барлық паркін қазіргі заманғы қатты денелі қондырғылармен ауыстыруға;

2002-2004 жылдары Қазақстанның ірі қалаларында кабельдік теледидар желісін ұйымдастыруға;

2002 жылы тікелей қабылдайтын спутниктік телерадио хабарларын тарату желісін ұйымдастыруға;

2002 жылы Алматы қаласында телерадио хабарларын таратудың сандық эфирін тәжірибе ретінде пайдалануды бастауға;

2003 жылы Алматы қаласында теледидар хабарларын таратудың сандық эфирін коммерциялық пайдалануды ұйымдастыруға;

отандық өндірушілерді қолдауға және телерадио хабарларын тарату секторы үшін техникалық құралдарының жеке өндірісін құруға;

телерадио хабарларын тарату желісін ұстауға жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК